


**«БЕКІТЕМІН»**

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі  
Қоғамдық кеңесінің төрағасы  
  
Э.Р. Шамсутдинов  
2025 жылғы 22 сәуір

**Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігінің  
Қоғамдық кеңесі туралы ереже**

Астана қ., 2025 ж.

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі  
Қоғамдық кеңесінің отырысында  
2025 жылғы 22 сәуірде  
бекітілді

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Қоғамдық кеңесі туралы ереже**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Қоғамдық кеңесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зан) 5-бабы 1-тармағының 7-1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Қоғамдық кеңесі (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) коммерциялық емес ұйымдармен, азаматтармен бірлесіп құратын консультативтік-кеңесші, байқау органды болып табылады.

3. Қоғамдық кеңес халық алдында есеп беретін мемлекет қалыптастыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру үшін Министрліктің азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді.

4. Қоғамдық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Занын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері мен Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2025 жылғы 28 наурыздағы № 112-НҚ бүйрүғымен бекітілген Қоғамдық кеңес туралы үлгілік ережені (бұдан әрі – Үлгілік ереже), сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

**2-тaraу. Қоғамдық кеңестің мақсаттары мен міндеттері**

5. Қоғамдық кеңес қызметінің мақсаты қоғамдық маңызы бар мәселелер бойынша азаматтық қоғамның пікірін білдіру болып табылады.

6. Қоғамдық кеңестің міндеттері:

- 1) азаматтық қоғамның мүдделерін білдіру және шешімдерді талқылау және қабылдау кезінде жүртшылықтың пікірін ескеру;
- 2) Министрліктің азаматтық қоғаммен өзара іс-қимылын дамыту;

3) қоғамдық бақылауды ұйымдастыру және Министрлік қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

### **3-тарау. Қоғамдық кеңес қызметінің қағидаттары**

7. Қоғамдық кеңес өз қызметін мынадай:

- 1) тәуелсіздік;
- 2) өз мүшелерінің қоғамдық негіздегі қызметі;
- 3) дербестік;
- 4) еріктілік;
- 5) жариялыштық қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

### **4-тарау. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктері**

8. Қоғамдық кеңестің өкілеттіктеріне мыналар:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламаларының, бағдарламалық құжаттардың, оның ішінде мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары жобаларының орындалуын талқылау;

2) қоғамдық кеңестер құрылған квазимемлекеттік сектор субъектілерін қоспағанда, мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серікtestтіктердің даму жоспарларының іске асырылуын мониторингтеу нәтижелері туралы есептерді талқылау;

3) 15 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде дәлелді жауап берे отырып, Министрліктің міндетті қарауына жататын ұсыныстарды енгізу құқығын қоса алғанда, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және талқылауға қатысу;

4) Министрлік қызметінің тиісті саласының қоғамдық маңызы бар мәселелері бойынша Министрліктің жұмысының ашықтығын ұйымдастыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың жолданымдарын қарау;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстарды әзірлеу және мемлекеттік органдарға енгізу;

6) Қоғамдық кеңес туралы ережені бекіту;

7) Қоғамдық бақылауды Заңда көзделген нысандарда жүзеге асыру;

8) қызмет бағыттары бойынша комиссиялар құру жатады;

9) қорытындыларды кейіннен жариялай отырып, тиісті саладағы маңызды мәселелер бойынша қоғамдық тыңдаулар мен сауалнамаларды ұйымдастыру және өткізу.

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағына сәйкес азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қозғайтын нормативтік құқықтық актінің жобасы бойынша

ұсынымдар үшін белгіленетін мерзім он жұмыс күнінен кем болмауға тиіс, ал заң жобалары бойынша – Қоғамдық кеңес Министрліктен оларды ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес жұмыс күнінен кем болмауға тиіс.

Азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қарауды Үлгілік ережеде көзделген тәртіппен Қоғамдық кеңес жүзеге асырады.

Қоғамдық кеңес мемлекеттік орган белгілеген мерзімде ұсынымдар бермеген жағдайда нормативтік құқықтық актінің жобасы ескертулерсіз келісілді деп есептеледі.

#### **4.1. Қоғамдық кеңес мүшелерінің мінез-құлық әдебі нормалары**

9. Қоғамдық кеңес мүшелері мына Мінез-құлық әдебі нормаларын ұстануға және сақтауға тиіс:

- 1) Қоғамдық кеңесте іскерлік және достық қарым-қатынастар мен сындарлы әріптестікті орнатуға және нығайтуға ықпал ету;
- 2) Қоғамдық кеңестің басқа мүшелерінің жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан қалыс қалу, негізсіз айыптау жағдайларына, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздікдік және теріс мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;
- 3) қаралатын мәселелер бойынша алқалы шешім қабылдау кезінде Қоғамдық кеңестің басқа мүшелерінің пікірлерін құрметтеу және ескеру, сондай-ақ олардың пікірлері мен айтылған ұстанымдарына жеке өз атынан баға бермеу;
- 4) қолданыстағы заңнамамен жүктелген өз өкілеттіктері мен құқықтарын тиісті тәртіппен уақтылы орындау, бекітілген міндеттерді мүлтіксіз сақтау және өзінің заңсыз әрекеттері үшін жауапты болу;
- 5) азаматтармен өзара қарым-қатынаста, мемлекеттік және мемлекеттік емес органдармен, сондай-ақ Қоғамдық кеңестің қалған мүшелерімен қарым-қатынаста әдепті болу, дөрекілік, қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік фактілеріне жол бермеу, өз әрекеттері мен мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себеп болмау;
- 6) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдардың қызметіне ықпал ету үшін Қоғамдық кеңеске мүше болуын пайдалануға жол бермеу;
- 7) Қоғамдық кеңес мүшелері Қоғамдық кеңестің келісімінсіз өз атынан Қоғамдық кеңес қызметінің мәселелері бойынша өз пікірін жария түрде білдірмегені дұрыс;
- 8) егер Қоғамдық кеңестің қызметі туралы өз пікірі Қоғамдық кеңестің негізгі бағыттары мен қызметіне сәйкес келмесе, оны БАҚ-та және ақпараттық ресурстарда білдіруге жол бермеу;

9) Министрліктің жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратын ашпау;

10) Қоғамдық кеңес қызметінің мәселелері бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері көвшілік алдында сөйлейтін сөздері Қоғамдық кеңестің құрамымен және оның басқару органдарымен алқалы тәртіппен келісілген турде жүзеге асырылады;

11) Қоғамдық кеңестің басқа мүшелері тарапынан мінез-құлық әдебі нормаларын бұзушылықтардың жолын кесуне оларды болдырмау жөнінде өзге де шаралар қабылдау;

12) мұдделер қақтығысы мүмкін болған жағдайда Қоғамдық кеңес мүшесі оны декларациялауға және тиісті мәселелер бойынша дауыс беруден бас тартуға міндettі.

### **5-тaraу. Қоғамдық кеңестің қалыптастыру және Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын талаптар**

10. Қоғамдық кеңестің құрамын Қоғамдық кеңестің қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы Занда және Үлгілік ережеде белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар өкілдерінің қатарынан және конкурсстық негізде – коммерциялық емес ұйымдар өкілдерінің, азаматтардың қатарынан қалыптастырады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттарға Заңның 10-бабында белгіленген талаптар қолданылады.

### **6-тaraу. Қоғамдық кеңестің ұйымдық құрылымы, оның төралқасының, төрағасы мен хатшысының өкілеттіктері**

11. Отрыс Қоғамдық кеңестің жоғарғы органы болып табылады. Қоғамдық кеңестің отрыстары қажеттілігіне қарай Қоғамдық кеңестің шешімі бойынша, бірақ тоқсанына бір реттен сиретпей өткізіледі.

12. Қоғамдық кеңестің қызметіне басшылықты жедел жүзеге асыру үшін оның отрыстары арасындағы кезеңде Қоғамдық кеңестің төралқасы сайланады. Қоғамдық кеңес төралқасының құрамына Қоғамдық кеңестің төрағасы, комиссия төрағалары, Қоғамдық кеңестің жекелеген мүшелері кіреді.

Қоғамдық Кеңес Төралқасының отрыстарына осы Қоғамдық кеңестің мүшелері болып табылмайтын кеңесші дауыс құқығымен Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары қатыса алады.

13. Қоғамдық кеңестің төралқасы:

1) Қоғамдық кеңес комиссияларының жұмысын үйлестіреді;

2) Қоғамдық кеңестің отырыстарын өткізуге дайындықты ұйымдастырады;

3) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық және ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді;

4) Қоғамдық кеңес ұсынымдарының орындалуын мониторингтеуді жүзеге асырады.

14. Қоғамдық кеңестің төрағасы:

1) Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырады;

2) отырыстарда төрағалық етеді;

3) Қоғамдық кеңес атынан құжаттарға қол қояды;

4) Қоғамдық кеңестің шешімдерін іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіреді;

5) Министрліктің отырыстарына кеңесте дауыс беру құқығымен қатысады;

6) өзі болмаған уақытта төрағаның міндеттерін атқаруды Қоғамдық кеңес төралқасы мүшелерінің біріне береді.

15. Қоғамдық кеңестің хатшысы:

1) Қоғамдық кеңес отырыстарын дайындаудың және өткізуіндің ұйымдастырушылық мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;

2) Қоғамдық кеңесте іс жүргізуі ұйымдастырады және жүргізеді, сондай-ақ Қоғамдық кеңес шешімдерінің орындалу мерзімдеріне бақылау жасайды.

Қоғамдық кеңестің хатшысы Қоғамдық кеңестің мүшесі болып табылмайды.

## **7-тaraу. Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастыру**

16. Қоғамдық кеңес жұмысының негізгі нысаны отырыстар болып табылады. Қоғамдық кеңестің отырысы оның мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан кезде заңды деп есептеледі.

Қоғамдық кеңестің отырыстарын бейнеконференц байланыс режимінде, сондай-ақ сырттай нысанда өткізуге жол беріледі.

17. Қоғамдық кеңестің отырыстары ашық болып табылады.

18. Қоғамдық кеңестің отырыстарына қажет болған кезде мұдделі мемлекеттік органдардың, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің, бұқаралық ақпарат құралдарының, ғылыми, кәсіподақ және басқа да ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ сарапшылар мен өзге де мамандар шақырылады.

19. Қоғамдық кеңестің отырыстары Министрліктің уәкілетті өкілінің және Қоғамдық кеңес төрағасының шешімі бойынша өткізіледі.

Отырыстар өткізуіндің өзге де мәселелері Қоғамдық кеңестің шешімімен айқындалады.

**20. Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді Министрлік жүзеге асырады.**

Министрліктің уәкілетті өкілі Қоғамдық кеңес төрағасымен келісу бойынша Қоғамдық кеңес хатшысының міндеттерін Қазақстан Республикасының еңбек заннамасына сәйкес еңбек шарты бойынша тартылатын жұмыскерге жуктейді.

### **8-тарау. Қоғамдық кеңес жұмысының жариялышы**

**21. Қоғамдық кеңес халықты:**

- 1) өзінің азаматтық қоғаммен және мемлекеттік органдармен, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау нәтижелері;
- 2) Қоғамдық кеңестің құрамы;
- 3) отырыстардың күн тәртібі;
- 4) қабылданған шешімдер;
- 5) қоғамдық маңызы бар басқа да мәселелер туралы хабардар етеді.

**22. Ақпарат тоқсанына бір реттен сиретпей орналастырылуға тиіс және қазақ және орыс тілдерінде қамтамасыз етіледі. Азаматтармен кері байланыс үшін шаралар қабылданып, электрондық қабылдау бөлмелері, сауалнамалар және түсініктеме беру мүмкіндігі қолданылады.**

### **9-тарау. Қоғамдық кеңес мүшелері өкілеттіктерінің тоқтатылуы, Қоғамдық кеңес қызметінің тоқтатылуы**

**23. Қоғамдық кеңес мүшелері өкілеттіктерінің тоқтатылуы, Қоғамдық кеңес қызметінің тоқтатылуы Занда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.**



Қазақстан Республикасы Ұлттық  
экономика министрлігінің  
Қоғамдық кеңесі туралы ережеге  
2025 жылғы 22 сәуірдегі  
қосымша

**Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі  
Қоғамдық кеңесінің  
ТӨРАЛҚАСЫ**

№	Аты-жөні	Лауазымы
1.	Эльдар Ринатович Шамсұтдинов	Төралқа төрағасы, «Комментарий» талдамалық тобының басшысы, экономист
2.	Олжас Олжабайұлы Сыздықов	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің аппарат басшысы
3.	Арыстан Ақан	«Қазақстан Республикасының аудиторлар палатасы» КАҰ вице-президенті
4.	Аскар Бауржанұлы Қысықов	«TALAP» Қолданбалы зерттеулер орталығы» қорының директоры
5.	Дана Айтмағанбетқызы Тоқмурзина	«Fortune Partners» ЖШС бас директоры, MNU салық құқығы мектебінің басшысы